

ұлтының мүддесін ұмытқан жоқ. Олар сол заманның ұлдары. Қолынан келгенше, қанатымен су сепкен қарлығаш сықылды, өз халқының рухани дамуы үшін қызмет етті. Солардың бірі аяулы бабамыз Ыбырай Алтынсарин. Екі оттың ортасында жүріп, аз ғұмырында көп шаруа бітірген ағартушы жөнінде жазылар еңбектер әлі де көп болар.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Радлов В.В. - қазақ халқының тарихын және этнографиясын зерттеуші. ҚМПИ жаршысы. Қостанай. 2007. №3. 87-93 бб; В.В.Радловтың қазақ антропологиясын зерттеуге қосқан үлесі. Бұл да сонда. 2008. №1. 101-104 бб; В.В.Радлов – основоположник тюркологической науки. Бұл да сонда. 2008. №1. 104-108 с.
2. Цит. алынды. Ә.Дербісалин. Ы.Алтынсарин. Өмірі мен қызметі туралы. Алматы, 1965. 46 б.

3. Цит. алынды. Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары. Алматы, 1991. 25 б.
5. Ә.Дербісалин. Ы.Алтынсарин. Өмірі мен қызметі туралы. Алматы 1965. 46, 47б.
6. Тургайская газета. 1906. 17 декабрь.
7. Цит. алынды. Ә.Дербісалин. Ы.Алтынсарин. Өмірі мен қызметі туралы. Алматы, 1965. 98 б.
4. Кузембайұлы А. История дореволюционного Казахстана. Учебник. – АлмаАта: Республиканский издательский кабинет по учебной и методической литературе, 1992. с. 324.
8. Бұл да сонда.
9. Цит. алынды. Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары. Алматы, 1991. 23 б.
10. Бұл да сонда. 119 б.
11. Ә.Дербісалин. Ы.Алтынсарин. Өмірі мен қызметі туралы. Алматы, 1965. 97 б.

**Қыдырбек Қиысхан**, магистрант

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

#### ҚАЗАҚТАРДЫҢ МОҢҒОЛИЯ ЖЕРІНЕ ҚОНЫСТАНУ ТАРИХЫ

Бүгінде тәуелсіз еліміз өшкенін жағып, жоғын түгендеп жатқан тұста ішкі тұрақтылық пен сыртқы байланыстан қол үзбей келеміз. Оған бір дәлел – шетте жүрген қандастарымызды елге қайтару, тарихи Отанымыздан орын беру. 1992 жылы тұңғыш өткен Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайына Елбасымыз Н.Назарбаев қатысып, барша қандастарға ізгі ниетін айтып, көптің батасын алды. Содан бір жыл бұрын, 1991 жылы Моңғолиядан алғашқы қазақтардың көші Қазақстанға келіп қоныстанған болатын. Үлкен құрылтайға жиналған қазақтардың тарихы әр қилы, әр заманда көшкендігінен. Осыны ескерген Н.Ә.Назарбаев Құрылтайдағы баяндамасында: «Қайта оралуға осында өзін күтіп отырған жазадан қорқып, мыңдаған адам туған жерді бір көруге зар бол-

ған күйінде өмірден өксіп өтті. Біз демократиялық мемлекет, адам құқығын қорғайтын қоғам құру жолына түскен ел ретінде тоталитарлық жүйе санамызға сіңірмек болған мұндай тарихи әділетсіздікті, мұндай қатыгез идеологияны түп-тамырымен айыптаймыз», [1] - деген болатын.

Осы құрылтайда сөз алған М.Қозыбаев, Ә.Қайдаров, С.Сартаев бастаған академик-ғалымдардың жасаған баяндамаларындағы шетелдердегі қазақтардың жалпы, қазақ диаспорасы төңірегіндегі мәселелері [2] құнды деректер болып табылады.

Бүгінгі таңда тарихшыларымыздың пікірлерінше, қазақтардың Батыс Моңғолия жеріне қашан, қалай барғанығы көп талас тудырады. Бұл жайында Патшалық Ресейдің, Кеңестік саяхатшылардың Қытай, Қазақстан,

Моңғолия тарихшыларының біраз ғылыми еңбектері жарық көрді.

Тарихшылардың ортақ пікірлері Моңғолиядағы қазақ диаспорасының қалыптасуын 2 үлкен кезең деп қарайды. Бірінші кезең – 1723 жылғы Жоңғар шапқыншылығынан XIX ғасырдың 70-жылдар аралығы болса, екінші кезең – XIX ғасырдың 70-80-жылдарынан XX ғасырдың 20-жылдарына дейінгі аралығы. Алайда, бірінші кезең аралығында абақ керейдің жекелеген рулары Батыс Моңғолия жеріне барып мекендегені болмаса, нақты Қобда (Алтай тауының теріскей беті,) яғни, қазіргі Баян-Өлгей жерін қоныстанғаны екінші кезеңге сәйкес келеді [3]. Бұл жайында С.Мұқанов «Тянь-Шаньның теріскей жақ бетіндегі халықтардың басым көпшілігі қазақтар. Олардың алды Қытай өлкесіне Абылай заманында өткен» [4], - деп жазған болса, ғалым С.Толыбековтың еңбегінде: «Орта жүздің ханы Әбілмәмбет 1742 жылы Ресей билігіне қарауға наразы болып, өз қарамағындағы елдің біразын алып, Шығыс Түркістанға көшкен» [5] - делінген. Бұл орайда қазақтардың Моңғолияға қоныстану тарихы Қытайдағы қазақтардың тарихының жалғасы деуге болады.

Керейдің батыры Жәнібектің де отаршылдық саясатқа наразы болып, өз қарамағындағы халықты ертіп Шығыс Түркістанға көшкендігі жайында Ә.Тортаева [6] тың дерек келтіреді. Мұны ғалым И.Қабышұлы да жоққа шығармайды: «Ақтабан шұбырындыдан кейін Алтайға ең алдымен абақ керейлер, сонан кейін ашамайлы керейлер, артынан наймандар келді» [7].

Ал, моңғол қазақтарының тарихын зерттеген И.Қабышұлы керейлерді орта жүзден алғаш Қотырақ батыр бастап, соңына Жәнібек батырдың көшіп барғандығын [8] жазды. Бұл көш Семей жерінен бері өтпей, Алтайдың күнге бетіне, яғни, Шығыс Түркістан жеріне қоныстанған. 1758 жылы Маньчжурия үкіметі Қытайдың көп

бөлігін басып алады. Құрамында үйсін, найман, қырғыз, моңғол, ойрат тайпалары бар Шығыс Түркістан да Маньчжурия қарамағына өтеді. Маньчжурия Шығыс Түркістанның атын «Жаңа өлке» деп жаңа атауға ауыстырады. Тек 1865 жылы Алтай, Іле, Тарбағатай аймақтарындағы көтерілістен кейін бұл өлке қайтадан бұрынғы Шығыс Түркістан атауына ие болады.

Егер әдеби шығармаларға үңілсек, XVIII ғасырда өмір сүрген Бұқар жыраудың «Керей қайда барасың, Сырдың бойын жебелеп...», [9] - деген наразы толғауы бар.

Орыс ғалымы Г.Потанин Шығыс Түркістан мен Моңғолияның батысына жасаған саяхатында, 1830 жылы Алтайдағы Қазақтардың ру-ұлыстарын билейтін «төрт биі» болғандығы, олардың – Бейсембі, Бопан, Көкен, Құлыбек атты бүкіл 12 ата абақ керей руының беделді билері [10] екендігін жазды. Осыған қарағанда, қазақтар XIX ғасырда 20-30-жылдарында Алтай тауының Шығысына әбден орнығып алғандығын аңғарамыз.

Орыс саяхатшысы Г.Е.Грумм-Гржимайло қазақтардың Қобда бетіне көшу себебін жер мәселесімен байланыстырады. Өйткені 1850-1965 жылдары Қытайда атақты Тайпиндер көтерілісі болып, ол бүкіл Ганьсу, Шэньси провинциялары мен Шығыс Түркістанды қамтыды. Шыңжаңдағы мұсылман көтерілісшілері Алтай, Тарбағатай, Іле аймақтарының біраз жерін басып алды [11].

Ал Цинь империясы мен Ресейдің саясатында Шығыс Түркістан жері мен оны мекендеген қазақтар туралы мәселе көптеген жылдарға дейін созылған келісім-шарттардың нәтижесінде шешіліп, қазақ тайпалары, соның ішінде керейлердің көпшілігі Батыс Қытай өлкесінде қалды [12]. Өйткені, абақ керейлердің 1864-1881 жылға дейін қай мемлекетке қарауы туралы мәселе 1881 жылы Петербург қаласында Ресей-Қытай келісімі кезінде ше-

шілді. Шығыс Түркістан Маньчжурия үкіметіне қарайтын болды.

Жайлау мен қыстау аралығы 200-500 шақырым, ал Цинь елінде қазақтар үшін әсіресе, малды қыстату өте қиын болғандықтан, 1881 жылдан бұрын, яғни, XIX ғасырдың 60-жылдарында олар Алтайдың теріскей бетін келіп мекендей бастаған болатын [13]. Мұны Г.Е.Грумм-Гржимайло да растайды: «Алтайда шын мәнінде жаздай жер таласы, ал қыстай қора мәселесі бітпейді» [14],- дейді. Қазақтардың екінші рет Батыс Моңғолия жеріне қоныстану кезеңі осылай басталды.

Г.Е.Грумм-Гржимайлоның еңбегінде: «Бастапқыда көшіп барған қазақтар Урянхайлардан (моңғол ішіндегі ұлыс) Ақсу өзенінің бойындағы жерлерді жалға алып отырды. Бірақ жер дауы күшейіп, екі халық өзара жауласып, ақыры адам шығынына дейін барған кезде, Қытай үкіметі қазақтардың нақты көшіп-қонатын жерін белгілеп беріп отырды» [15],-десе, Г.И.Потанин: «Маньчжурия өкіметі қазақтардың Қобда өлкесіне өтіп мекендеуін ұлықсаттағанымен, нақты мекендейтін жері туралы анық шешім шығармаған еді» [16], - деп жазады. Бұл орайда Г.И.Потанин еңбегі ғылыми дәлелге негіз болады.

1960 жылдан бастап қазақтардың Қобда бетіне қоныстанғандығы туралы түбегейлі зерттеулер жүргізілді. Моңғол мен Қытай арасында 1911 жылға дейін шекара болмағандығын ескере отырып, зерттеушілер Ә.Мініс, А.Сарай өз еңбектерінде: «Қазақтар Алтай тауының теріскей бетіне немесе Қобда өлкесіне 1868-1869 жылдары келген» [14],- деген қорытынды жасады.

1924 жылы шақырылған Моңғол Халық Республикасының алғашқы құрылтайында сөз сөйлеген қазақ өкілі Т.Дәуітбай: «Моңғол жеріне біздің қазақтар 60 жылдың алдында келіп мекендеді» [18], - делінген.

Алайда қазақтардың Моңғол жерін мекендеуі Цинь империясы үшін тиімсіз болды. Өйткені олардан алатын алым-салық жергілікті үкімет қазынасына түспейтін еді. Г.Е.Грумм-Гржимайло: «Батыс Қытайдағы көтеріліс кезінде қазақтардың бір тобы Қыран Ертіс өзенінен өтіп, Алтай тауын асып, Бұлғын, Сақсай басына дейінгі Урянхай жерін басып алғандығын» [19] жазды.

Моңғолияға қоныс аударған қазақтардың бір тобы – наймандар болатын. Бұл туралы тарихшы З.Қинаятұлы: «Олар XIX ғасырдың 60-жылдары керейлермен Қобда бетіне барған. Найманның Байжігіт пен Бура рулары болса, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысқаны үшін жазалаушылардан жәбір көрген қаракерей наймандар еді» [20],- дейді.

Қазақтардың Алтайдан Қобда өлкесіне қоныстануының көптеген саяси, әлеуметтік-экономикалық себептері болды:

1. Алтай өлкесі ұлан-байтақ болғанымен, мал шаруашылығы үшін қолайсыз еді. Сонымен қатар XIX ғасырдың басынан Алтай жерінде басталған егіншіліктің тез дамуы мал жайылымының азаюына әкеп соқты.

Осы жағдайлар XIX ғасырдың ортасында жергілікті халық пен көшіп-қонып жүрген қазақтар арасындағы жер мәселесін ушықтырды. Қазақ халқы мал шаруашылығымен айналысатын болғандықтан, оларға жайылым жер керек болды. Бұл жағдайлардың барлығы қазақ руларының біраз бөлігінің Алтайдан Қобдаға қоныс аударуына әкеп соқты.

2. XIX ғасырдың екінші жартысында Қытай елінің ішкі саяси жағдайы шиеленісе түсті. Қытайдың аз ұлттарға қарсы жүргізген кертартпа саясатының салдарынан жер-жерде ұлт-азаттық қозғалыстар өріс алды. Қазақтардың Қобда бетіне қоныстануының тағы бір себебі осы болатын.

3. Қазақтар жергілікті Маньчжурия өкіметіне тікелей салық салудан

бас тартты. Өйткені, мұсылман діні бойынша бұрыннан қалыптасқан салық түрі (зекет, ұшыр) рудың өзіне тән еді.

XX ғасырдың басында Қобдадағы қазақтардың мал саны біршама көбейгендігі байқалады. Бұл туралы Г.Е.Грумм-Гржимайло: «1900 жылы керейлердің бір отбасында орта есеппен жиырмаға жуық малы болды» [21],- деп жазды.

1911 жылы 200 жыл бойы Маньчжурия билігінде болып келген моңғолдар дербес Боғда (Моңғол) хандығын құрды. Басқа аймақтар секілді Цинь үкіметінің құрамында болып келген Қобда өлкесі Моңғол мемлекетінің құрамына енді. Ал Шығыс Түркістан мен Қобда аралығындағы қазақтардың еркін көшіп-қонуына Моңғол үкіметі тарапынан рұқсат берілді. Сондай-ақ, көшіп барған қазақтар да жергілікті моңғол ұлыстары секілді салықты бірдей төлеп тұруға міндетті болды. Қазақтар үшін Қытайдың өктем саясатынан гөрі, салық мөлшерін аз төлейтін Урянхайлардың ортасы тиімді болды. Есесіне моңғолдар тарапынан еркін көші-қонуден қатар, сауда жасауға берген рұқсаты үлкен қолдау болды. Моңғол қазақтарының арасында орыс саудагерлерінің бірнеше сауда орындары жұмыс істеп тұрғандығы туралы Потаниннің Г.И.[22] еңбегінде бар. Ресеймен шекаралас Сарымсақты жәрмеңкесі жыл сайын желтоқсан айында он күн бойы сауда жасап тұрады.

1920 жылға дейін 1870 қазақ отбасы Моңғолияның батысына қоныс аударды [23]. Егер әр отбасында 4 кісіден болса, Қобда қазақтарының сол кездегі саны 7 480, ал жанұяда 5 адамнан деп есептесек, яғни, он мыңға жуық адам барғандығын білеміз.

Осы аталған екі кезеңді Моңғол қазақтарының тарихындағы ең негізгі кезең деп санауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Құшағымыз бауырларға айқара ашық. // Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы. – Алматы, 1993. –14-15 б.
2. Қозыбаев М.Қ. Ата тарихы туралы сыр (Қазақ халқының тағдыры хақында) // Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы. – Алматы, 1993-22-42 б; Қайдаров Ә. Ана тілі азбасын, атамекен тозбасын. // бұл да сонда. – 71-83 б; Сартаев С. Қуат күшіміз бірлікте. // Бұл да сонда. – 43-56 б.
3. Ислам Қабышұлы. Моңғолия қазақтарының тарихы. Баян-Өлгей. 1980. – 18 б.
4. Мұқанов С. Қытайға саяхат. // Жұлдыз. – 1959 - №5, 75 б.
5. Толыбеков С.Е. Общественно-экономический строй казахов в XVII-XIX вв.- Алма-Ата. 1959. 272б.
6. Тортаев Ә. Шығыс Түркістан қазақтары. Қазақ тарихы. 1998. №1. 18 б.
7. Ислам Қабышұлы. Моңғолия қазақтарының тарихы. Баян-Өлгей. 1980, 18 б.
8. Бұқар жырау Қалқаманұлы. Жыраулар жинағы.
9. Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. Вып. II. 1936. 22 б.
10. Ислам Қабышұлы. Моңғолия қазақтарының тарихы. Баян-Өлгей. 1980, 32 б.
11. Қозғанбаева Г.Б. Қазақ диаспорасы қашан, қалай пайда болды? // Қазақ тарихы . – 1995. №4. – 43-49 б.
12. Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. Вып. II. 1936. 26 б.
13. Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. 1936, 413 б.
14. Бұл да сонда. 414 б.
15. Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. Вып. II. 1936. 2 б.
16. Мініс Ә., Сарай А. МХР Баян-Өлгей аймағының қазақ халқы тарихынан. Баян-Өлгей. 1960. 134 б.
17. Ислам Қабышұлы. Моңғолия қазақтарының тарихы. Баян-Өлгей. 1980, 33 б.
18. Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. 1936, 476 б.
19. Қиянатұлы З. Жылаған жылдар шежіресі. Алматы, 1995, 237б.

20. Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. 1936, 476 б.
21. Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. Вып. II. 1936. 75 б.
22. Мініс Ә., Сарай А. МХР Баян-Өлгей аймағының қазақ халқы тарихынан. Баян-Өлгей.

**Қыдырбек Қиысхан**, магистрант  
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

### **МОҢҒОЛИЯДАҒЫ ЖАППАЙ ҚУҒЫН-СҮРГІННІҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНА ТИГІЗГЕН ЗАРДАПТАРЫ**

1928 жылы Моңғол Халық Республикасы партиясының VII съезі мен мемлекеттік V съезі шақырылып, байларды жойып, олардың мал-мүлкін тәркілеу туралы шешім қабылданды. Осы съезде «Аз ұлттар арасына нағыз халықтық әкімшілік ұйымдарын орнату» қаулысы да қабылданды [1]. Съезд партияның интернационалдық саясатын қолдап, ұлтшылдық көзқарастан арылу керек деп шешті.

Осы саясатты астыртын жүзеге асыру кезінде, 1931 жылы Моңғолдың ішкі өлкелерінде наразылық білдірген ламалар (дінбасылар) қозғалысы бой көтерді [2]. Ол ешбір келісім-ымырасыз қарулы күшпен басылды.

1934 жылы қарашада Моңғолияның бас министрі П.Гэндэн Мәскеуде Сталинмен кездесіп, ұлттар мәселесі жөнінде мәселелер көтерілді. Негізгі тақырып моңғол дінбасыларын құрту болғандықтан, бұған министр П.Гэндэн келіспеді [3]. Ал 1936 жылы Сталин Мәскеуде Моңғолия министрі А.Амарды қабылдап, ламаларды тез арада жоюдың уақыты жеткендігін және оны іске асырудың астыртын жоспары дайын екенін мәлімдеген.

Алғашқы бір жылдың ішінде 25 600 лама «эсергу» (халық жауы) атанып, түрмеге жабылды. 1930-1931 жылдары әкімшіліктің жаңа жүйесі бойынша «хошун», «сұмын», «бақтар» құрылды. Жаңа жүйенің негізінде ең алдымен дінді ұстануға тыйым салынды. Байлардың мал-мүлкін тәркілеу туралы қаулыдан кейін, 1931 жылдың көктемінен бастап Қобда

бетіндегі қазақтардың біразы Алтайға ауып кетті [5]. Олар 1931 жылдың аяғы мен 1932 жылдары Қобда бетіне қайта оралған.

Ал 1938 жылы МХРП Орталық Комитетінің басқармалары қазақ, урианхай мәселелері жөнінде екі рет бас қосты. Қобда өлкесінде тұратын қазақ, урианхай ортасында жергілікті әкімшілік орнату, өндіріс, сауда орындарын құрып, партия, жастар ұйымдары, кәсіподақтар орнатуға бағытталған іс-шаралар жүргізу жөнінде мәселелер көтерілді. 1938 жылдың 27 маусымында болған алғашқы отырыста МХРП Орталық Комитеті: «Қобда аймағындағы аз ұлттар, әсіресе, қазақ, урианхайлар ортасында бүгінгі күнге дейін әкімшілік билік феодалдар қолында. Сонымен қоса, феодалдық заң мен салт бұрынғыдай сақталып отыр» [6],- деп көрсетті. Комитет қаулысымен аз ұлттар ортасында бұрын «хошун» деп аталып келген әкімшілік басқару ұйымын сұмын, бақ болғызып, өзгертіп, демократиялық сайлау кезінде басшы тағайындау, жаңадан құрылған әкімшілік орталықтарды жергілікті жер-су аттарымен атау туралы шешім шығарылды.

Осы аталған жағдайлардың негізінде Қобда өлкесіндегі аз ұлттар, әсіресе, қазақтар арасында «халық жауы» деген айдармен қуғындау істері басталып кетті Зерттеуші А.Мауараұлы 1938 жылдың аяғына дейін 800-ге тарта адам «эсергу» деп ұсталғандығын [7] жазса, кейбір моңғол тарихшылары бұл көрсеткішті 2000 қазақ